



«Келісіді»
«Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі»
М.М. басшының м.а. Нурова Д.Ш.

« 0 » _____ 2021 ж



«Келісіді»
«Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебі»
КММ директоры Баймурзин С.Ш.

« 0 » _____ 2021 ж

«Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің
2021 – 2022 оқу жылына арналған
оқу жұмыс жоспары

БЕКІТЕМІН:

«Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебі»

Педагогикалық кеңес отырысы

ХАТТАМА №2 2021ж.

**Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебінің
2021-2022 оқу жылына арналған
ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ ЖОСПАРЫ**

ТҮСІНІК ХАТ

Мектепке даярлық сыныбы – 2оқушы, 1 комплекті

Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебінде барлығы - 39 оқушы бар.

Класс комплектілер саны - 6

Бастауыш білім беру деңгейінде класс комплекті саны – 3, 1сын.-1 компл., 2-3сын.-1 компл.
4-сын.-1 компл.

Негізгі орта білім беру деңгейінде класс комплекті саны – 3, 5-6 сын.-1 компл., 7-8сын.-
1 компл., 9сынып-1 комплект.

**«Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2021- 2022 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары:**

1) Мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесі:

✓ ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

✓ ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген 1-қосымшасы;

2) 1-4- сыныптарда білім беру процесі:

✓ ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2-қосымшасы «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»

✓ «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары»;

✓ №415 бұйрығына 2-қосымша «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары»;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы

✓ № 125 бұйрығына 53-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

3) **5-9-сыныптарда білім беру процесі:**

✓ ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 3-қосымшасы «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»

✓ «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 6-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары»;

✓ №415 бұйрығына 7-қосымша «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары»;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 9-қосымша Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 10-қосымша Оқыту орыс тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

Бастауыш білім беру

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптарға ҚР МЖМБС-2015 сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндер оқытылады. Жұмыстық оқу жоспарында 1-4-сыныптарға арналған оқу пәндері инвариантты компонентте 6 білім салаларына бөлінген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». Еліміздің жалпы білім беру ұйымдарының бастауыш мектептерінде оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

«Тіл және әдебиет» білім саласы – «Әліппе, Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерін қамтиды. «Математика» білім саласына – «Математика», «Цифрлық сауаттылық» пәндері, «Жаратылыстану» білім саласына- «Жаратылыстану» пәні, «Адам және қоғам» білім саласына – «Өзін-өзі тану» және «Дүниетану», «Технология және өнер» білім саласына – «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына – «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейіндегі ерекшеліктердің бірі – 1-сыныпта әліппеге дейінгі кезең және әліппе кезеңі «Әліппе» пәні, әліппеден кейінгі кезең «Ана тілі» пәні арқылы жүзеге асады.

«ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. Пән мазмұны мен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы

26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді). «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі. 2021-2022 оқу жылында 3-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2021 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылады.

Жалпы орта білім беретін мектебінің 2022 – 2022 оқу жылына оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш кластарға арналған оқу жұмыс жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	10	11	11	11	43	1452
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі	2	2	2	2	8	270
5	Шетел тілі	2	2	2	2	8	270
	Математика және информатика	4,5	4	6	6	21,5	692,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	-	1	1	3,5	84,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
	Адам және қоғам	2	2	2	2	8	270
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
10	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	2	2	2	2	8	270
11	Көркем еңбек	1	1	1	1	4	135
12	Музыка	1	1	1	1	4	135
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
13	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
	Инварианттық оқу жүктемесі	22,5	23	26	26	97,5	3292,5
Вариативтік компонент							
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	-	1	1	1	3	102
1	Қызықты математика				1		
2	Ағылшын			1			
3							
	Вариативтік оқу жүктемесі	-	1	1	1	3	102
	Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	22,5	24	27	27	100,5	3394,5

Негізгі орта білім беру

2021-2022 оқу жылында 5-9 сыныптарға ҚР МЖМБС-2016 сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндер оқытылады. Жұмыстық оқу жоспарында 5-9 сыныптарға арналған оқу пәндері инвариантты компонентте 6 білім салаларына бөлінген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». «Тіл және әдебиет білім саласына «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәндері, «Математика» білім саласына «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» пәндері, «Жаратылыстану» білім саласына «Жаратылыстану», «География», «Биология», «Физика», «Химия» пәндері кіреді. «Адам және қоғам» білім саласына «Дүние жүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Өзін-өзі тану» пәндері, «Технология және өнер» білім саласына «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

2021-2022 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарында 2021-2022 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы тандауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. «Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат) курсына: - 5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»; - 6-сыныпта «Экология» курстары таңдалды, 8- сыныпта «Медиасауаттылық»; 9-сыныпта қолданыстағы «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің бағдарламаларымен оқыту жалғастырылады.

«Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесін дене шынықтыру мұғалімнің оқытуымен іске асырылады.

«Жол қозғалысы ережелері » оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда аталған оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты есебінен әрбір сыныптарда 10 сағат көлемінде іске асырылады.

2020-2021 оқу жылынан бастап қоғамдық танымды жаңғыртуды жүзеге асыру аясында «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «География», «Музыка» пәндерін толықтыратын және туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін зерттеуге ықпал ететін кіріктірілген «Өлкетану» оқу бағдарламасы енгізілді. 5,6,7 сыныптарда оқытылады.

Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығына 9-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 9-қосымша Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің
(жаңартылған мазмұнның) оқу жұмыс жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408

Handwritten signature

3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	510
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
	Адам және қоғам	4	4	4	4	5	21	714
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
17	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	5	170
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
18	Музыка	1	1				2	68
19	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
20	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
	Инварианттық оқу жүктемесі	29	29	32	33	34	157	5338
Вариативтік компонент								
	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	1	1	1	1	1	5	170
1	Экология		1					
2	Медиасауаттылық				1			
3	Сөз шежіресі					1		
	Элективті курстар	1	1	1	1	1	5	170
1	Орыс тілі және әдебиеті		1					
2	Орыс тілі және әдебиеті				1			
3	Дінтану негіздері					1		
	Вариативтік оқу жүктемесі	2	2	2	2	2	10	340
	Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	31	31	34	35	36	167	5678

Handwritten signature